

№7 Хромтау мектеп -гимназиясы 2023-2024 оқу жылы бойынша жас мамандармен жүргізілген жұмыс есебі

№7 Хромтау мектеп -гимназиясында 13 жас маман бар. 2023-2024 оқу жылының басынан жас мамандармен жүргізілетін жұмыс жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілді. Жыл басынан мектеп директорының бұйрығымен мектептегі жас мамандарға тәлімгер тағайындалды. Биылғы оқу жылында жаңадан келген жас маман денешынықтыру пәні мұғалімі Марал Аружан Серікқызына жеке тәлімгер денешынықтыру пәнінің мұғалімі Сатмағамбетова Б.Т. тағайындалды. Тәлімгер тарапынан жас маманға оқу-тәрбие үдерісіндегі нормативтік құжаттармен таныстыру, оқушыларды оқытуда қойылатын гигиеналық талаптармен таныстыру, үйрету, нәтижесін бақылау жұмыстары үнемі жүріп отырды. Мектеп психологі тарапынан жас мамандарды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерттеу, диагностика жүргізу болды.

Жыл басынан бірнеше жас мамандар отырысы, бірнеше семинарлар, дөңгелек үстелдер, байқаулар өтті. Атап айтсақ қазан айында жас маман жетекшісі А.Ш.Жекееваның ұйымдастыруымен «Оқу мен оқытудағы тиімді әдіс-тәсілдер» тақырыбында коучинг өтті. Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Ж.Қалмұратовтың ұйымдастыруымен «Қысқа мерзімді жоспар құру» тақырыбында семинар-практикум өтті. Коучингке және семинар -практикумға жас мамандар белсенділікпен қатысты. Сонымен қатар мектеп тренерлерінің ұйымдастыруыменде түрлі іс-шаралар өтті.

Жас мамандар ағымдағы оқу жылына өз білімін жетілдіру жоспарларын құрып, мектеп директорымен бекітті. Өзара сабаққа кіру үрдісін жалғастыруда.

Жыл қорытындысы бойынша жас мамандардың жетістіктеріне тоқталсақ:

1.Қарымсақ Е.- денешынықтыру пәнінің мұғалімі

-«Алғыс хат» Хромтау аудандық білім бөлімі «Білім беру мазмұны: Болмысты тану, әрекетке баулу, өмірлік дағды беру» тақырыбындағы аудандық семинар -практикум;

- «Мадақтама» Хромтау аудандық білім бөлімі 9-11 кл оқушылары арасындағы футбол жарысында 1 орын.

2.Жақсылықова А.-ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

--Қазақстан РЕСПУБЛИКАСЫ ЖШС “ӨРЛЕУ-ҚР” оқу орталығынан курстан өтті.

-Ағылшын тілі пәні мұғалімдері арасындағы өткен олимпиадада облыстық деңгейде 3 орын;

-аудандық пәндік олимпиадада оқушысы Мұхамбетәлі Н. 3 орын

3.Марал А.С.-денешынықтыру пәннің мұғалімі-

-Аудандық мұғалімдер спартакиадасында волейбол (қыздар)жарысы жүлделі 1-орын ;

-Білім беру ұйымының 9-11 сынып оқушыларының арасында(қыздар)

аудандық баскетболдан «Ұлттық мектеп лигасы» жүлделі 2-орын

-Қазақстан РЕСПУБЛИКАСЫ ЖШС “ӨРЛЕУ-ҚР” оқу орталығынан курстан өтті.

Жақсыкелдина Т.М.- информатика пәнінің мұғалімі

-информатика пәні мұғалімдерінің арасында өткен облыстық пед олимпиада,3 орын;

-Сертификат Код сағаты 2023 сәтті өткізгені үшін

Калиева А.Ш.- бастауыш сынып мұғалімі

- 2023 жылдың 14 желтоқсанында өткізілен «Lesson study: Қазақстан педагогтерінің тәжірибесі» тақырыбындағы VII өңірлік конференциясында зерттеушілік тәжірибе бөлісті
- «Буллинг –себептері, формалары, алдын алу» біліктілікті арттыру курсы өтті
- «Үздік бастауыш класс мұғалімі» республикалық байқауға қатысып 2 орын жүлдегері
- «Тиімді сабақ. Жоспарлау. Бақылау» тақырыбындағы ашық алаң жұмысына қатысты
- «Білім берудің мазмұны: Болмысты тану, әрекетке баулу,өмірлік дағды беру» тақырыбында аудандық семинар-практикумға қатысып іс-тәжірибесімен бөлісті
- «Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасында аудандық кезеңінде 1 орын иегері
- «Lesson study: Сабақты зерттеу оқушыны қалай өзгертеді?» тақырыбындағы аудандық желілік қоғамдастығына белсене қатысып, өз тәжірибесімен бөлісті
- «Тәуелсәз елдің ұрпағы» атты дебат турнирінде 3 орын иегері
- «Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасында облыстық кезеңіне қатысты.

Бағыланбаева Г.-физика пәнінің мұғалімі

- 2 дәрежелі диплом «Үздік жаратылыстану ғылыми пәндер мұғалімі» «Үздік физик»;
- сертификат «Педагогикалық идеялар панорамасы» республикалық конкурстың аймақтық кезеңіне қатысқаны үшін беріледі.

Әлім А.-математика пәнінің мұғалімі

- Зерделі ақыл-ой дамыту орталығының «Алтын сақа» республикалық олимпиадасының мектепшілік кезеңінде I орын иегері Мырзахан Айсұлтан;
- Зерделі ақыл-ой дамыту орталығының «Алтын сақа» республикалық олимпиадасының аудандық кезеңінде II орын иегері Мырзахан Айсұлтан және III орын иегері Жақсылық Айдана;
- 5-6 сынып оқушылары арасында пәндік олимпиаданың мектепшілік кезеңінен I орын Мырзахан Айсұлтан;
- Аудандық желілік қоғамдастық аясында өткізілген «Тиімді сабақ. Жоспарлау. Бақылау» тақырыбындағы Ашық алаң жұмысына қатысқаны үшін сертификат;

-«Білім берудің мазмұны: Болмысты тану, әрекетке баулу, өмірлік дағды беру» тақырыбында аудандық семинар-практикумға қатысып іс-тәжірбиелерімен бөліскені үшін алғыс хат;

-Аудандық желілік қоғамдастық аясында өткен «Пәндік олимпиадаға дайындық пен біліктілікті арттыру стратегиялары» тақырыбындағы семинарға қатысып, іс-тәжірбиесімен бөліскені үшін алғыс хат.

Кенесова А.А.- бастауыш сынып мұғалімі.

-2 дәрежелі диплом «Үздік бастауыш класс мұғалімі» республикалық байқау

-2 дәрежелі диплом облыстық пед олимпиада;

Курманов А.-денешынықтыру пәнінің мұғалімі

-«Алғыс хат» аудандық білім бөлімі

«Алғыс хат» аудан әкімі «Жылдың ең үздік жаттықтықшысы»

Мамыр айында жылдық жоспарға сай жас мамандар арасында «Үздік жас маман-2024» байқауы өтті. Байқаудың мақсаты: жас педагогтердің әлеуметтік статусын және шығармашылық қабілетін белсенді ету, әрі қарай кәсіби шеберліктерін жетілдіруге жағдай жасау, ұлттық білім инициативасын жүзеге асыру. Байқаудан бас жүлде иемденген математика пәнінің мұғалімі Әлім А.Д. болды.

Жас мамандарға төмендегі міндеттер жүктелді:

- Жас мамандардың білім жетілдіру курстарынан өтуді қамту;
- Ғылыми–практикалық конференцияларға баяндамалар даярлау;
- Шығармашылық жұмыстар (ғаламторларда жариялануы, баспаға мақала жариялауы
- Жас мамандардың кәсіби байқауға қатысуы
- Олимпиадаға, ғылыми жобаға оқушыларды сапалы даярлау.

Жетекшісі:Жекеева А.Ш.



